

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ.,	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147
ЕРІК Г.		

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K.	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д., ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

* Э.Ж. МАНСУРОВА¹ 

Г.Ж. ОРДА² 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан¹
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан²
(e-mail: elochka_02.05.95@mail.ru¹, Orda_68@mail.ru²)

МИСТИКАЛЫҚ ПОВЕСТЕРДЕГІ МОТИВТЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақ мистикалық повестерінде кездесетін мотив түрлерімен, әралуан тақырыпта жазылған повестерді салыстырып, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Мақаламыздың басты мақсаты – қазақ әдебиетінде жазылған мистикалық повестердің құбылушылық мотивтерінің түрлерін саралау мен көркем шығармада көтерілген мәселелерді өмірмен байланыстырып көрсету.

Зерттеу барысында салыстыру, жүйелеумен бірге сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, талдау әдістері қолданылды.

Қазақ мистикалық повестерін талдауда негізгі нысан ретінде: мистика жанрында жазылған Қ. Әбілқайырдың «Жылан кегі», М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», Д. Досжановтың «Тілегімді бере гөр», Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы», Е. Аманшаевтің «Албасты туралы аңыз», А. Мекебаевтың «Жезтырнақ» тәрізді повестері қарастырылды. Талдауға алынған повестердің мистикалық тұрғысынан зерттеліп, повестерде берілген кейіпкерлердің мистикалық, соның ішінде құбылушылық мотивтерін саралап қарастырылды. Талдауға алынған бес повесть кездесетін мотивтерінің түрлеріне түсініктеме берілді. Повестерде кездесетін құбылушылық мотивтерінің көркем шығармада қолданылуын Стит Томпсон мотивтер каталогының көмегімен түрлеріне жіктелді. Құбылушылық мотивтердің талдауға алған повестерде құбылушылықтың түрлері: «жылан», «албасты», «періште», «қасқыр» сияқты мотивтері кездесті, повестерге талдаулар жүргізіліп, өмірмен байланысты жазылған тақырыптар, мәселелер қарастырылды.

Түйін сөздер: повесть, мистика, мотив, тақырып, жанр, мистика.

Кіріспе. Қазақ прозасында ХХ ғасырдан бастап алғашқы мистикалық көркем шығармалар пайда бола бастады. Ал ХХІ ғасырда мистикалық шығармаларға сұраныс артуымен қазақ жазушылар өздерінің шығармаларын аталған жанрда жазса да, бұл жанр әлі де толық зерттеліп жатыр деп айта алмаймыз. Алайда, әдебиетіміздің бір бөлшегіне айналған мистикалық жанрды зерттеп, мақалалар мен еңбектер жазылып жатыр. Мысалы ретінде, Г. Пірәлі «Қазіргі прозадағы Мәдинаның қолтаңбасы», Ж. Мәмбетов пен Г.Әбиханованың бірлескен авторлығымен жазылған «Мистиканың үзілмей жеткен арқауы», Ә. Қодардың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт», Ә. Жақулаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер», С. Ордабеков «Жұмбаққа толы тылсым дүние» және т.б. мақалалармен қатар, «Қазақ прозасындағы мистика» (2022) жауапты редактор Г.Р. Сәулембектің жетекшілігімен шыққан ұжымдық монографияны атап өткеніміз жөн. Мистикалық көркем шығармалардың ішінде, повесть жанрында көптеп шығармалар жазылауда. А.Байтұрсынұлы повесті «ұзақ әңгіме» деп эпикалық текті түрлерге бөлген. Повесть туралы «ұлы әңгімеден» яғни романнан өресі қысқа, өрісі тарлау әңгіме деп

көрсеткен. Қазіргі таңда оқырмандардың мистикалық әңгімелерге, сонымен қатар повесть жанрына қызығушылықтарының артуы мистик жазушылардың басын топтастырушы ортақ басылымдар пайда болуынан көре аламыз. Осындай басылымдардың бірі ретінде мистика, саспенс не фэнтези шығармаларын насихаттайтын америкалық «Оғаш әңгімелер» («Weird Tales», 1923) атты журналды мысалға келтіруге болады. Мистикалық шығармалар Батыс әдебиетінде кезең-кезеңмен дамып кеткен болса, біздің әдебиетімізде енді-енді дамып келе жатыр. Оның себебі, кеңестік әдебиетте фантастикалық емес, ғылыми фантастикалық жанрындағы шығармалар жазылғандығында. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, әдебиеттегі тақырыптар еркіндігі, жанр не стильдік трансформацияларға жол ашылды. Мәселен, жанрдың өзгеріске ұшырауының себебі деп, уақыт пен қоғамның ықпалы деп көрсеткен Ральф Коэн «Тарих және жанр» мақаласында теория мен практикада жанрлық түсініктер не ұғымдар тарихи себептер ықпал етеді, не өзгеріске ұшырайды деп тұжырымдайды [1, 207]. Ал Америкалық теоретик Джон Ридердің танымал жанрлар туралы «Ғылыми фантастика және бұқаралық мәдениеттегі жанрлар жүйесі» (2017) еңбегінде жанр мәселесіне дәстүрлі әдіспен емес жаңаша зерттеулер тұрғысынан зерттеп қарасақ, ғалымның айтпағы жанрдың пайда болуы тарихи-әлеуметтік факторлардың әсері делінген [2, 36]. Джон Риддердің айтқанындай қазақ әдебиеті аясында мистика жанрының дамуына әсер етуші осы - тарихи фактор болатын. Әлеуметтік факторлар ретінде әдебиеттің нарыққа бейімделіп, басқаша жанрлардың, соның ішінде мистикалық жанрларда қалам тербеуі мистиканың жаңдануына себеп болды.

Жалпы, «Мистика» сөзі қандай мағына береді? деген сұраққа грек мистика тілінен аударғанда «жұмбақ, қасиетті рәсімдер» деген мағынаны білдіреді. Мистика негізінде адамның тылсым күштерге сенуі және табиғаттан тыс құпия сырларға еніп, қарым-қатынас жасай алу қабілеті сияқты мәнге ие. Сонымен қатар, мистика дінмен, рухтармен байланысты. Бұл тәжірибені негіздеуге және түсінуге арналған теологиялық және философиялық ілімдердің жиынтығы мистицизм деп аталады. Мистицизм мистиканың теориялық негізі болып табылады. Екінші жағынан мистика әлемді тануға бағытталған білімнің ерекше тәсілі деп айтсақ болады. Және діни қасиетті тәжірибе, табиғаттан тыс тіршілік иелерінің болуы деген сенімді білдіреді. Мистицизм – ғылыми және күнделікті түсіндіруге келмейтін әртүрлі табиғаттан тыс құбылыстарды білдіретін өте кең ұғым. Мистицизм сондай-ақ, мұндай құбылыстардың осы өмірде «орны мен белгілері бар» деген сенімді ұялатады. Бұл аруақтар, рухтар және басқа әлемнің «өкілдері», сондай-ақ, тағдырдың белгілері, көріпкелдік, реинкарнация және т.б. Екінші жағынан мистиканы иррационалдық ұғым деп айтсақ та болады, яғни білім мен ғылымның өресі жете қоймайтын, санадан тысқара дүниелер кездеседі [3,3].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада салыстыру, жүйелеумен бірге сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, талдау әдістері қолданылды. Қазақ әдебиетіндегі мистикалық жанрда жазылған повестердің мазмұндық, түрлік ізденістерді саралауда, мотивтерін анықтауда бірсыпыра жазушылардың шығармалары тақырыптық тұрғыда жүйеленді, өзара салыстыра талданды. Қазақ повестеріндегі мистикалық сарынмен жазылған шығармалардың тақырыптық ерекшеліктерін қазіргі өмірмен байланыстыра зерттелді. Мистикалық шығармалардағы мотивтердің түрлеріне баса назар аударылды және мотивтің ішінде құбылту мотивтері кездесетін повестерді салыстыра қарастырылды.

Мистика күрделі, типологиялық ерекшелігі бар жанр десек те, жанр ретінде миф пен ертегінің арқасында қалыптасқан. Олай айтумыздың себебі, мистикалық шығармаларда миф пен ертегіге тән сюжеттері мен мотивтері жиі кездеседі. Тағы да бір ерекшелік, мистикалық жанрда жазылған шығармалардың кейіпкерлері қарапайым кейіпкерлер емес, мысалы: тылсым күшке ие перілер, жындар, албастылар, жындар не әруақтар, елестер, періштелер, қансорғыш, вампирлер, ертегілерде кездесетін белгілі бір жануарлар. Мақалада мистикалық жанрда жазған повестер талдауға алынып, түрлі мотивте, түрлі тақырыпта жазылған, әралуан мәселелерді көтерген повестердің бір-бірімен ерекшелігі салыстырыла зерттелді.

Талқылау мен бақылау. Сондай повестердің бірі – Қанат Әбілқайырдың «Жылан кегі» мистикалық шығармасы. Шығармада ертегілерде, аңыздар мен мифтерде адамдардың жыланға айналып кету мотиві бар. Ертегілерде жыландар патшасымен, жалпы жыланмен тілдесу мотиві кездеседі. «Айдаһар қатын» [4, 172-173] мифімен «Жылан кегі» повесін салыстырар болсақ, ортақтығы: адамның жыланға ал жылан адамға айналу мотиві бар. Екі шығармада да жылан – ақыл мен айла иесі болса, мифтегі жылан – адаммен қоректенетін зұлымдықты ойлайтын тіршілік иесі. Мифте жыланды шауып өлтірген ханның елін түгел қырып салса, повесте жылан баласын өлтірген жігіттің туған-туысы мен Шах-Ерденнің өзін өлтіреді. Бұл повестегі мотив – құбылу – адамның жануарға құбылу мотиві.

«Жылан кегі» (2017) мистикалық повесі бастан-аяқ мистикалық мазмұнда жазылған шығарма. Берілген туынды жыланның тілін білетін, жыландармен сөйлесе алатын Бала Молданың екі дүниеде де кешірілмейтін күнәсі бар екендігінен басталады. «Бала молданың туған жерін қиып кете алмауының басты себебі бар еді. Осы ерте көктемде Түзкөддің Қарасаз беткейіндегі Жыланды сайының жыландарының тілі буып қойғанды. Жыланның тілін күз келгенде бір-ақ шештін болып уәделескен. Енді, міне, саясат сол күзге дейін тығылып жүруге мұрша берер емес» [5, 2]. Кейіпкердің елінен қашып кетіп, тығылып жүргенінің себебі, Бала Молда өзінің Жақып молданы яғни ұстазын ұстап алып өлтіргендіктен өкіметтің жеңдеттерінен қашып жүреді. Қашып жүрсе де, өзінің елінде қалған жыланды ойлай береді. Ұйықтаған сайын жыланға айналып кетуі – құбылту арқылы жыланға айналуы. Содан қашып жүрген Бала Молданың ұйықтаған кезінде ғана жыланға айналып кетуі, адамдарды шағуы, алайда уы улы емес екендігі айтылады. Шығарма мистикалық сарынмен жазылған, жанрлық жағынан трансформацияға түскен мистикалық повесть.

М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде «Тәңір» туралы әңгіме өрбиді. «Ол өзі бір Жақия да, Иса да, тіпті Алла-тағаланың өзі де адам санасынан орын тебе қоймаған кез еді. Не жанарымызға сыймайтын, не ақылымызға сыймайтын бүкіл мына жарық дүниені де, Адам ата мен Хауа анадан өзге тірі пенде көріп-білмеген, көзге де, көңілге де о дүниені де Тәңірі жеке-дара билейтін» [6, 8]. Повесте Тәңір екі періштесін кезекпен тыңдап, әлемде болып жатқан өзгерістерді періштелерінің көздерінен біліп отырады. Жерге қараса, пейілі бұзылып кеткен адамдардың көбейгеніне көзі жетіп, қынжылады. Мәселен, Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, ал қазір адамдардың саны бірер мыңға жетіп қалған.

Шарапат – қашан да ізгілікпен жақсылықтың символы ретінде көрінсе, Кесепап – керісінше жамандықтың жаршысы. Яғни бір-біріне қарама-қарсы. Бұл жерде автор Кесепап пен Шарапат тәрізді кейіпкерлерді сомдауда антитезалық бейнелеу тәсілін қолдана отырып, ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы етіп көрсеткен. Пенденің бойында екі түрлі мінез болады: біреу-жамандыққа бастаса, екінші мінезі оған қарама-қарсы. Бұл повесте фольклорлық таным пайыммен жазылып, жасампаздық мифке жатқызамыз.

Академик С.Қирабаев «Ұят туралы аңыз» повесін аңыздық сюжетке құрылып, соның негізінде жазушы адам баласы өмір бойы толғандырып келе жатқан бүкілхалықтық проблема – зұлымдық пен адалдықтың күресін бейнелейді. Ертегілік оқиғаға нақты адам әрекетіне лайық сипаттар береді. Дүниені жеке дара билеуші Тәңірі де, оның періштелері Шарапат пен Кесепап та повесте аңыздық күйден көркем бейнеге айналды [7, 353] деп баға береді.

Д. Досжановтың «Тілегімді бере гөр» повесінде қасқырға айналып кетуінен «құбылу» мотивін кездестіреміз. Повесте Шалқардың шалғай түкпірінде жас журналист жігіт Дана қорық ашпақшы болады. Жергілікті «Охотсоюздың» қорықшысы, үкіметтің байлығына қол салып, тегін ішіп-жеп отырған, араны ашылған Молдаберді зиянкесті әрекет жасап, жас жігітті айдалада ұрып-соғып, өзін жалғыз тастап кетеді. Біраз жылдар өткен соң Молдаберді жоғалып кетеді. Бірде аңшы аң аулап жүргенде аш қасқырды көреді. Сол қасқырдың көзіне қараса сол үшті-күйлі жоғалып кеткен Молдабердіге қатты ұқсайды екен.

«Біз айтсақ – үйірінен, туған жерінен қарадай безініп, айдалада алып соғып тояттауға таппай сілесі қатып, сенделіп жүрген аш қасқыр – сол Молдаберді дер едік», – деп аяқтайды автор повесті [8, 138].

Бұл повесте «аш бөрідей» деген сөздің берілу мағынасы, біздіңше, өмірінде «тою» дегенді білмей, өмірі ашкөзденіп, аш қасқырдай жалаңдап өткен Молдабердінің образын символмен бергендігін көре аламыз.

Адамзат келбеті, тойымсыз адам бейнесі Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығы» повесінде нанымды бейнеленген. «Шәкәрімнің бір әңгімесінің ізімен», деп басталатын повесте ар-ұят, қоғамдағы дерт, тойымсыз халық туралы тақырып көтеріледі. Сюжеттік желі бойынша, періште аспаннан түсіп, түнде атақ-даңққа құмар дөкейлердің үйлеріне түнде кіріп оларға тәубесіне келуін сұрайды. Алайда сол кезде әзәзіл адамдардың құлағына теріс ниетті сыбырлап, адамдарды одан сайын азғырады. Бұл періште түнде қарапайым адамдарға емес ақшаға құныққан хирург, адам өмірін саудаға айналдырған хирургке, зейнеткерлерді жылатып, олардың ақшаларын толықтай төлемейтін банк қызметкерлеріне, банкирлерге, халықтың еңбегін жерге таптайтын дүниеқоңыз адамдарға келіп ескерту жасайды. Бұл – біз өмір сүріп отырған қоғам шындығы. «Ауызы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей, қазіргі таңда біздің айналамызда ақшаға құмартып, қалай жеңіл жолмен ақша тапсам екен деп жүрген жастар жетерлік. Адамның өмірін саудаға айналдырған дәрігерлер де қазіргі өмірімізде бар. Повесте айтылған мәселелер біздің өмірімізбен тығыз байланысты.

Мұндағы мистикалық кейіпкер – «періште». Періштеден құтылығысы келген бай адамдар дәріханадан «демидрол» дәрісін сатып алып, түнде періштенің үйлеріне келмеуін сұрап, дәріні ішіп ұйықтауға тырысады. Берілген шығармада жәй періште емес «ар-ұят періштесі» деп аталады.

« Періште қабырғаға барып тіреледі де, жоқ болып кетеді. Ендігі сәтті ол жаңағыдан да жарқыраған кең бөлменің ортасында тұрды. Төртегі кең тахтада шалқасынан түсіп Шығай ұйықтап жатыр. Сонда Шығайдың құлағына періште сыбырлап:

-Банкир мырза, тұр! Көзіңді аш! – деді. Шығай ештеңе естімегендей етпетінен аунап түсті де, басын көрпемен бүркеп алды.

Шығай дауыс шыққан жаққа жалт бұрылды да, ештеңе көре алмағандықтан зәресі ұшып кетті. ...Жын ба? Сайтан ба?ап-анық естідіңм ғой...

-Жын да емес, сайтан да емес! Аш көзіңді, тұр орныңнан – деді періште қатқыл дауыспен. Шығай орнынан ұшып тұрды» [9,17]. Періштенің Шығай деген банкирдің үйіне келуі, оның жасаған жаман іс-әрекеттерін көріп-білгендіктен одан есеп сұрайды. Мистикалық кейіпкер – ар-ұят періштесі осылайша, адамдардан есеп сұрап, түзу жолға салу мақсаты болатын. Алайда, бұл мақсатқа өкішінке орай періште қол жеткізе алмайды. Адамдар бір амалын тауып одан қалай құтылу керектігін ойластырады. Тіпті, құтылаудың жолын тапқан адамға қомақты қаржы тағайындалып БҰҰ мүшелері де періштеден құтылатын жолын тапса «нобель сыйлығын» беретіндігін жария салады. Әрине, адамның қолынан бәрі келеді. Періштеден құтылған адамдар бұрынғы өмірін сүре береді және ол жол – ар-ұяттың еншісіне байланысты.

Мистикалық повестің бірі – Е.Аманшаевтің «Албасты туралы аңыз» туындысы. Повесте қазақ фольклорындағы албасты жайлы түсініктер негіз болған. Бұл шығармада өткен мен бүгін магиялық өлшемде алынады. Повестің атауынан-ақ айтылар ойдың айрықша мазмұны аңғарылып адам санасында сақталып қалған мистикалық кейіпкер «албасты» образы жағымсыз кейіпкер ретінде танылады. Ал шығармадағы Албасты образы елес, сағым түрінде сипатталады. Себебі, фольклордағы албасты туралы хикаялар көркем емес, сондықтан әңгімеде оның да адамның сырт пішіні, келбеті анық суреттелмейді. Қазақ фольклорында «Албасты» көбінесе хайуан, қыз, әйел кейпінде келеді. «. Албасты! Иә, сол! Тіршіліктің адам безген құмдақ жағалауымен ырғала басып, теңселе қозғалған - Албасты. Әлпі тұман соны айналып, соны көзден тасалай, қаумалап алысқа алып барады. Және біз. Жағалаумен бұрқырата салып, жерден жеті қоян тапқандай анталаған бота тірсек, ши борбай ауыл балалары. Есіл-дертіміз...

- Албасты ! Албасты!» [10,118]. Қазақ фольклорындағы хикаяттарда албасты көбінесе хайуан кейпінде көрсетілсе, кейбір хикаяттарда ол адам бейнесінде тек әйел не қыз болып келеді. Жалпы алғанда, албасты бейнесі нақты емес. Яғни елестету мүмкін емес, синкретті образ ретінде көре аламыз. Бұрынғы адамдардың албасты өмірде бар деп ойлап, оған сенуінің өзі осы образды мифтік сипатта танытады. Албасты туралы шығармаларды жарияланған кісілердің бәрі де елдің бұл әңгімелерге кәміл сенетінін, тіпті қорқатынын айтады [11, 119].

А. Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесіндегі қазақ прозасындағы реминисценцияның үлгісіне «жезтырнақ» бейнесін алуға болады. Фольклорда көп кездесетін әйел кейпінде суреттеліп, тырнақтары ұзын, өткір өзі сұлу, бірақ адамға жау, қастандық жасайтын кейіпкердің бірі ретінде санамызда қалып қалған. Оның бойында күш болса да, ақыр соңында жеңіліс табады. Жағымсыз бейне ретінде барлық халықтардың прозалық не фольклорлық шығармаларында кездеседі. Берілген повесте автор «жезтырнақты» былайша суреттейді: «Ең азабы – көз алдына елестейтін қаныпезер қорқаудың өз анасына ұқсайтыны. Сосын еріксіз әжесінің жеңіне күдіктіне қарайды. Тұла бойы түршігеді. Ту сыртындағы қоң етіне алмас тырнақты он саусақ сүңги еніп тұрғандай, жұлын тұтасындағы он нүкте, сыздап сырқырап қоя береді» [12, 234].

Жезтырнақты басқа шығармадағы жезтырнақпен салыстырсақ, мәселен: М. Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасындағы жезтырнағы ол фольклорда ертеден бар жезтырнақ, мистикалық образ болса, аталған повесте «жезтырнақ» түрленіп, өзгеріп, жаңарып келген. М. Жұмабаев Сыздық батырдың қырағылығын, ержүректілігін, батырлығын ашу үшін жезтырнақты қолданып тұрса, А. Мекебаевтың «жезтырнағы» бір үйдің шаңырағын ортасына түсіп, өш алу құралына айналды. Қазақы танымындағы зәрені алатын жезтырнақ образы қолдан жасалып, Тұрманқожа жезтырнақ кейпіне еніп, мола басында құран оқып отырған Жұмағұлды жезтырнақ болып қорқытып, соңында өлтіреді. «Әзірейіл қол шошандататындай, тайраңдап билейтіндей, қарқылдап күлетіндей, артынан айқайлап қол безейтіндей. Ол сана айқындығын үрейдің соқыр тұманымен тұмшалады да манаурай ауырсынып, ұйқыға ұқсас түйсіксіз болмыстың құрамына шын батты» [12, 230]. Бұл жерде автор оқиға сюжетіне «үрейді» кіргізе отырып, психологиялық сезімді нақыштарға қатты мән берген. Пері, албасты, жезтырнақтан қорқатын қазаққа «жезтырнақ» атын пайдаланып, Тұрманқожа өзінің арам ойын іске асырды. Автордың айтпағы «жезтырнақ» деген суық сөздің өзі бір отбасына қаншама қайғы, мұң, зар әкелгендігі.

Нәтижелер. Зерттеу барысында қазақ прозасындағы мистика жанрында жазылған Қ. Әбілқайырдың «Жылан кегі», М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», Д. Досжановтың «Тілегімді бере гөр», Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығы», Е. Аманшаевтің «Албасты туралы аңыз», А. Мекебаевтың «Жезтырнақ» тәрізді повестері қарастырылды. Талдауға алынған повестердің мистикалық тұрғысынан зерттеліп, повестерде берілген кейіпкерлердің мистикалық, соның ішінде құбылушылық мотивтері сараланып қарастырылды. Құбылушы мотивтерін салыстырғанда, Стит Томпсон мотивтер каталогы бойынша (бұл каталог 2022 жылы жарық көрген «Қазақ прозасындағы мистика» (Ұжымдық монография) еңбегі негізге алынды.

Құбылушылық мотивін көрсеткен Стит Томпсонның каталогына мазмұндас көлемімен жүйелілігіне мазмұндас тағы бір мотивтер каталог туралы айта кеткен жөн. Бұл мотивтер каталогы Австрия Ғылым академиясы Гельмут Бирхан, Карин Лихтблау және Криста Тучай жасаған мотивтері Томпсонның моделіне сәйкес келеді. Мотивтерді қарастырған Гельмут Бирхан монументалды еңбектің алғысөзінде: «мотивтер индексі Стит Томпсонның және басқа қолданыстағы индекстердің мысалына дәл сәйкес келуі керек, бұл мотивтердің ондық классификациясына қатысты осы немесе мүмкін болатын болашақ индекстермен салыстырылуы керек» деп көрсеткен [13, 60]. Қ. Әбілқайырдың «Жылан кегі» повесіндегі құбылушылық мотив – «жылан» мотиві кездеседі. Ал Стит Томпсон мотивтер каталогында «Жыланға айналу» - Д МАГИЯ – Д0-Д699 Құбылу- Д100-Д199 каталогында

осылайша нөмірленген. Адамның жануарға құбылуы – Д191. Адамның жыланға құбылуы [14, 15] көрініс тапқан.

М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде құбылту мотиві байқалмайды. «Тәңір» туралы, «періштелер» мотивінен гөрі «адамның жаратылу» мотиві кездеседі. Сол сияқты Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы» берілген повесте «құбылту» мотиві кездеспейді, мистикалық кейіпкер ретінде «періште» берілген. Періште кейіпінде келіп, түнде адамдардың көздеріне көрінеді. Адамдар түнде келген періштені көреді, алайда оның қандай кейіпінде келгені, нақты бейнесі сипатталмайды. Стит Томпсон мотивтер каталогында А1299 нөмерімен белгіленіп көрсетілген. Ал Д. Досжановтың «Тілегімді бере гөр» повесінде де, салыстыра қарастырсақ құбылту мотиві кездестіреміз бұл жерде жануарға айналып кету. Стит Томпсонның мотивтер каталогында жануарларға айналу Д МАГИЯ - Д0-Д699 Құбылу Д191 нөмерімен берілген [14, 15] болса, Е. Аманшаевтің «Албасты туралы аңыз» шығармасында албасты бейнесі берілген. «Албасты» бейнесін зерттеуші П.Т. Әуесбаева «Түркі халықтарының хикаялары» ғылыми зерттеуінде тереңірек талдаған болатын. Негізінен бұл кейіпкердің нақты бейнесі көрсетілмейді. Берілген зерттеуінде ғалым «албастыны» түрлі кейіпте келетіндігін айтқан: бірде жануар, бір күйден екінші күйге ауысып, босанып жатқан әйел адамға қастандық жасайтын әйелге қарсы әрекет жасайтын, оның өмірінде қауіп төндіретін әйел бейнесіндегі қаскөй күш түрінде де кездеседі. А. Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесіндегі құбылу мотиві «жезтырнаққа» айналуы. «Тұрманқожа жезтырнақ кейіпін еніп...» [12, 230] Стит Томпсон мотивтер каталогында – Д0-Д699 Құбылу – Д100-Д199. Адамның жануарға құбылуы – Д191 нөмірмен белгіленген. Талдауға алынған мистикалық повестері «құбылту» мотивтерін шебер қолданған. Біздің зерттеуімізде қазақ мистикасында кездесетін құбылушылықтың періштеге, жезтырнаққа, жануарлар, құстар, пері, тасқа, т.б. түрлерге құбылуды іріктеп, талдау арқылы жоғарыда айтқан тұжырымдарымызға дәлелдер келдірдік

Қорытынды. Ойымызды қорытындылай келе, мистикалық көркем шығармада бірнеше мотивтер тізбегі қосарланып келуі өте жиі кездесетіні көркем шығармаларда талдау барысында айқындалды. Сондай-ақ ертегілер не мифтерден көркем шығармаға ауысқан мотивтердің жүзеге асу себептері, амал-тәсілдері жаңа түрленіп, жаңа деңгейге көтерілген. Мистиканың табиғаты туралы зерттеулер жоқтың қасы. Әдебиет тұрғысынан мистика түсініксіз, жұмбақ, құпияға толы нәрсе болса да, сол жұмбақ әлемде қаншама тақырыптар қазіргі өмірмен байланысып жатыр. Өйткені, мистикалық шығармаларда оқиғалар нақты әлемде, күнделікті өмірде болып жатады және шындыққа жанасады. Көбінесе, өлім, өмір, тіршілік, о дүние, т.б. тақырыптары қозғалады. Сол тақырыптарды ашу үшін тылсым күш иелері кейіпкерлер әлеміне енсе, кейде кейіпкер шынайы өмір шеңберінен шығып, өзі басқа әлемге ауысып, сол жақтағы жаратылыс иелерімен тілдеседі. Мистика жанрының ерекшелігі сол, онда болып жатқан қорқынышты оқиғалар мен құпиялар сырлар, оқырманға түсіндіріліп жатпай, оқырман автордың айтар ойын өзі қорытындылап, өзі түсініп алуға тырысыды, түрлі күй кешеді, үрейленеді не күдіктенеді. Бұл сезімдер әрине мистикалық шығарма соның ішінде повестерді оқығанда міндетті атрибут болады.

Әдебиеттер

1. Cohen R. History and Genre // New Literary History 1986, 17(2), – P. 203-218.
2. Rieder J. Science Fiction and the Mass Cultural Genre System. – Middletown: CT, 2017. – 224 p.
3. A.Sh. Askarova, K.S. Kulmanov. Mystical motives in Kazakh stories // Bulletin of L.N. Gumilov Eurasian national university. Philology series 2023, 145(4), – P. 109-120. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-109-120>
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. - 448 б.

5. Әбілқайыр Қ. Жылан кегі / Жетісуға құйылған жылғылар: Жетісу жазушыларының антологиясы. – Алматы: Толғанай Т, 2017. – 225 б.
6. Ысқақбаев М. Ұят туралы аңыз. – Алматы: Жазушы, 1980. – 97 б.
7. Қирабаев С. Адам тануға ұмтылыс. – Қазақ әдебиеті. 02.02.2018. <https://qazaqadebieti.kz/13689/adamtanu-a-mtylys>
8. Досжан Д. Алыптың азабы. – Алматы: Рауан, 1997. – 411 б.
9. Ахметжан Т. Мұң: хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2003. – 236 б.
10. Аманшев Е. Албасты туралы аңыз. – Алматы: Өлке, 2001. – 401 б.
11. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 581 б.
12. Мекебаев А. Жер кіндігі. Роман, повестер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 464 б.
13. Mariscal K.X.L. De Stith Thompson a las plataformas digitales: algunas reflexiones (con un Índice de motivos de la Demanda del Santo Grial, Toledo, 1515) // Journal «Historias fingidas» 2020, 2020(8), – P. 55-74. <https://doi.org/10.13136/2284-2667/164>
14. Қазақ прозасындағы мистика (Ұжымдық монография) / жауапты редактор Г.Р.Сәулембек. – Алматы: Литер-М, 2022. – 296 б.

Э.Ж. МАНСУРОВА

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Г.Ж. ОРДА

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

МОТИВЫ В КАЗАХСКИХ МИСТИЧЕСКИХ ПОВЕСТЯХ

Аннотация. В статье была проведена работа с видами мотивов, встречающихся в казахских мистических повестях, сравниваются повести, написанные на разные темы.

Основная цель нашей статьи – дифференциация типов мотивов мистических повестей, написанных в казахской литературе, рассмотрение проблем, поднятых в художественном произведении.

В ходе исследования применялись описательные, историко-сравнительные, аналитические методы, методы сопоставления и систематизации.

Основными объектами анализа казахских мистических повестей стали: «Змеиная месть» («Жылан кегі») К. Абулкаира, написанная в жанре мистики, «Легенда о стыде» («Ұят туралы аңыз») М. Искакбаева, «Исполни мое желание» («Тілегімді бере гөр») Д. Досжанова, «Нобелевская премия» («Нобель сыйлығы») Т. Ахметжана, «Легенда об демоне» («Албасты туралы аңыз») Е. Аманшаева, «Жезтырнак» («Жезтырнақ») А. Мекебаева. Были даны объяснения типам мотивов, которые можно найти в проанализированных повестях. Использование в художественном произведении феноменальных мотивов, встречающихся в повестях, было классифицировано по типам с помощью каталога мотивов Стита Томпсона. В рассказах встречались такие мотивы феномена, как «змея», «албасты», «ангел», «волк», проводились разборы повестей, рассматривались написанные темы, проблемы, связанные с жизнью.

Ключевые слова: повесть, мистика, мотив, тема, жанр, мистика.

E.ZH. MANSUROVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

G.ZH. ORDA

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

MOTIFS IN KAZAKH MYSTICAL STORIES

Annotation. The article conducted a study with the types of motifs found in Kazakh mystical stories, comparing the stories written on different topics.

The main purpose of our article is to distinguish different types of phenomenal motifs in Kazakh mystical stories and to relate the issues addressed in the fictional works to real-life experiences.

In the course of the study, descriptive, historical-comparative, analytical methods with comparison and systematization were used.

The article analyzes the motifs present in Kazakh mystical stories by comparing stories on various topics. The main objects of analysis of Kazakh mystical stories were: K. Abulkaira «Snake Revenge», written in the genre of mysticism, M. Iskakbayeva «Legend of shame», D. Doszhanova «Fulfill my wish», T. Akhmetzhan «Nobel Prize», E. Amanshayeva «The Legend of the demon», A. Mekebayeva «Demonic creature in the image of an old woman». Explanations were given for the types of motifs that can be found in the five analyzed stories. The use in fiction of the phenomenal motifs found in the stories was classified by type using the Stith Thompson catalog of motifs. In the stories taken for the analysis of phenomenal motifs, there were such motifs of the phenomenon as: “snake”, “albasts”, “angel”, “wolf”, stories were analyzed, written topics and problems related to life were considered.

Keywords: novella, mysticism, motive, theme, genre, mysticism.

References:

1. Cohen R. History and Genre // *New Literary History* 1986, 17(2), – P. 203-218.
2. Rieder J. Science Fiction and the Mass Cultural Genre System. – Middletown.: ST, 2017. – 224 p.
3. A.Sh. Askarova, K.S. Kulmanov. Mystical motives in Kazakh stories // *Bulletin of L.N. Gumilov Eurasian national university. Philology series* 2023, 145(4), – P. 109-120. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-109-120>
4. Babalar sözi: Jüztomdyq. – Astana.: Foliant, 2011. – 448 b.
5. Äbilqaiyr Q. Jylan kegi / Jetisuğa qüiylğan jylğylar: Jetisu jazuşylarynyñ antologiasy. – Almaty.: Tolğanai T, 2017. – 225 b.
6. Ysqaqbaev M. Üiat turaly aңыз. – Almaty: Jazuşy, 1980. – 97 b.
7. Qirabaev S. Adam tanuğa ümtylys. – Qazaq ädebieti. 02.02.2018. <https://qazaqadebieti.kz/13689/adamtanu-a-mtylys>
8. Dosjan D. Alyptyñ azaby. – Almaty: Rauan, 1997. – 411 b.
9. Ahmetjan T. Müñ: hikaiattar men äñgimeler. – Almaty: QAZAqparat, 2003. – 236 b.
10. Amanşev E. Albasty turaly aңыз. – Almaty: Ölke, 2001. – 401 b.
11. Qasqabasov S. Janazyq. – Astana: Audarma, 2002. – 581 b.
12. Mekebaev A. Jer kindiğı. Roman, povester. – Almaty.: Jazuşy, 1991. – 464 b.
13. Mariscal K.X.L. De Stith Thompson a las plataformas digitales: algunas reflexiones (con un Índice de motivos de la Demanda del Santo Grial, Toledo, 1515) // *Journal «Historias fingidas»* 2020, 2020(8), – P. 55-74. <https://doi.org/10.13136/2284-2667/164>
14. Qazaq prozasyndaqy mistika (Üjymdyq monografia) / jauapty redaktor G.R.Säulembek – Almaty: Liter-M, 2022. – 296 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Мансурова Эльнара Жолдашқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Мансурова Эльнара Жолдашевна – докторант Казахского Национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mansurova Elnara Zholdashkyzy – doctoral student of Al-farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan.

Орда Гульжахан Жұмабердіқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Орда Гульжахан Жумабердиева – доктор филологических наук, доцент, главный научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Orda Gulzhakhan Zhumaberdieva – Doctor of Philology, Associate Professor, Chief Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.